

**REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 5 (2014), 120 –123

УДК 340.12(574)

**THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN -
GUARANTOR OF STATENESS**

A.B. Smanova

Kazakh National university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Key words: President, independence, historical development, state, holiday.

Abstract. With the acquisition of independence, the Republic of Kazakhstan clearly marked the path of historical development. December 1, 1991, N. A. Nazarbayev was elected as a Head of State. In 2012 in Kazakhstan this day officially became a national holiday. The reforms, undertaken by the President since the independence of the politico-economic, legal and social, spiritual and cultural spheres, are obvious.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТІ –
МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ КЕППІЛІ**

А.Б. Сманова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы

Тірек сөздер: Президент, независимость, историческое развитие, государство, праздник.

Аннотация. Еліміз егемендік алған сәттен бастап, өзінің тарихи даму жолын анық айқындалды. Міне, сол кезеңде 1991 жылдың 1 желтоқсан күнінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президенті елбасы болып сайланды. Ал 2012 жылы Қазақстанда бұл атаулы күн арнайы мерекеленетін күндердің қатарына құқықтық тұрғыда енгізілді. Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту мақсатында жүргізілген Президенттің саяси-экономикалық, құқықтық-әлеуметтік, рухани-мәдени салаларындағы реформалары бүгінгі жетістігіміздің айқын дәлеліндей.

Сан жылды тарих кезеңдеріне шолу жасайтын болсақ кеңестік мемлекеттер қатарында болып Қазақстан халқы өзіндік егемендікті КСРО құрамында болып 1990 жылы 25 қазанды «ҚазКСР мемлекеттік егемендік туралы» декларациясы қабылданған болатын, ерине сол сәттен бастап заңды тұрғыда Қазақстан мемлекеті тәуелсіз, егеменді, дербес демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуына мүмкіндіктерге ие бола бастады, бұл барлық қауымға мәлім айғақты құжат болып танылады.

«Қазақстанда президенттік институт Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі Нұрсұлтан Назарбаевты республика Президенті етіп сайлаған 1990 жылдың сәуірінде-ақ құрылғаны белгілі. Алайда, Президенттің мәртебесі бірқатар шектеулермен тұсаулы болатын. Мәселен, 1990 жылы 25 қазанды қабылданған “Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы” Декларация мемлекеттік биліктің заң шығаруши, атқарушы және сот тармақтарына бөлінетіндігі туралы маңызды қағидатты атап көрсеткенімен, Мемлекет басшысы деп жарияланған Президент қолына тек өкімдіатқарушы билікті ғана алды да, заң шығаруши биліктің басымдығы ретінде Жоғарғы Кеңес, Президентті қайта сайлау құқығын қоса алғанда, едәуір кеңірек өкілеттіктерге ие болды.»[1]

Қазақстан Республикасының Конституциясының 40-бабында былай деп жазылған: «Республика Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастырының, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі» [2].

Президент – бұл адам мен азаматтың құқықтарын сақтау және қамтамасыз ету механизміндегі жүйе түзуші институт, ал заңда берілген мүмкіндіктер арқылы мемлекеттің адам құқықтары саласындағы саясатын белгілейді, мемлекеттік бағдарламалар құрайды, әртүрлі ұйымдық формалар арқылы адам құқықтарын сақтау жөніндегі қызметтің бағыттарын түзетіп отырады.

Бұл қызметті қалай әсерлі етуге болады? Ол үшін қоғамның бар қүшін адам құқықтарын сақтау мен қорғаудың барлық субъектілер өзара тығыз байланысты, бір-бірінің қызметтерін қайтала маіттын және өздерінің тиімді қызмет етулері үшін бірынғай нормативтік негізі бар жүйесін жасауға жұмыс атқару қажет. Адам құқықтарын қорғайтын жария билік органдары бір-бірінен бөлек әрекет ете алмайды. Ондай болмаған жағдайда барлық құрамдас бөліктегі үйлесімді және өзара әрекеттесу жағдайында қызмет ететін барлық билік мезанизмі жаппай күйреуге ұшырайды.

Бұл қатынастар құқық пен ежей-тегжейлі бекітілген. Адам құқықтарын сақтаушы субъектілердің барлығының мақсаттары бір – адам құқықтары ең жоғары құндылық, бірақ олар қорғауға мұқтажды. Адам құқықтары Конституцияда және мемлекеттің басқа да заңдарында заңды түрде бекітілген. Адам құқықтарына байланысты барлық қарым-қатынастар КР Парламентінің қызметтінде алғашқы реттеуден өтті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында жазылған: «Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін...1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне қатысты негізгі қағидалар мен нормаларды белгілейтін заңдарды шығаруға хакылы. Басқа мемлекеттік органдардың КР Парламенті белгілеген нормаларды бұзуға, өзгертуге құқығы жоқ».

Бұл ереже нормативтік негіздеу тұтастығын, заңдар қақтығысының, заңдар мен заңға бағынатын актілердің арапарында қарама-қайшылықтардың болмауын қалайды.

Заң әдебиетінде кепілдіктер проблемасын зерттеу барысында мынандай идеялар: «біріншіден, кепілдіктердің құқықтық жүйенің элементі ретінде қарастыру; екіншіден, оларды басқа ұйымдармен: құзету шараларымен, құқықтық қорғау шараларымен, заңдық жауапкершілікпен тенденстірмеу; үшіншіден, оларды өзінің белгілері, әсер ету объектілері, жүйесі, құрылымы, іске асыру әдістері бар дербес категория ретінде зерттеу айтылып жүр. Кепілдіктер – бұл, А.С. Мордовичтің пікірінше, тұлға үшін өзінің құқықтарын, бостандықтары мен мұдделерін іске асыруға тән мүмкіндіктер тудыруши әлеуметтік-экономикалық, саяси, адамгершілік, құқықтық, ұйымдастырушылық алғышарттардың, жағдайлардың, құралдар мен әдістердің жүйесі [3, 276 б]. Кепілдіктер тұлғаның мұдделерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайлардың жүйесі болып табылады. Олар демократиялық қоғамның экономикалық, саяси дамуының, халықтың құқықтық және саяси мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

«Заңдылық кепілдіктері деп белгілі бір мемлекеттің құрылымның ішінде де, одан тыс та жағымды әрекет етуші жағдайларды, факторларды және құралдарды айтады [3, 513 б]. Кепілдіктердің мазмұны қоғам дамуының қоғамдық-саяси, рухани және басқа да жағдайларына байланысты. Кепілдіктердің қызметі сол, олар конституциялар мен заңдарда бекітілген тұлғаның заңды мәртебесі, оның құқықтары мен бостандықтары жеке адам мен азаматтың өмірінің іс жүзіндегі шындықтарына айналатын қолайлы жағдайды қамтамасыз ету болып табылады. Кепілдіктер жалпыдан жекеге, заңда жарияланған мүмкіндіктен шындыққа өтуді қамтамасыз ететін сенімді көпір болып табылады. Тиісті кепілдіктерсіз жарияланған құқықтар мен бостандықтарын іске асыруға, олардың жарым-жартылай немесе қалай болса солай іске асырылуының мүмкін болатын себептері мен кедергілерін жоюға бағытталған объективтік және субъективтік факторлардың барлық жиынтығын қамтиды.

Заңдық кепілдіктер адам мен азамат құқықтарын түзету мен қорғаудың заңды құралдары мен жолдарының жүйесін құрайды. Ең алдымен әнгіме мемлекеттің тұлғаның сотпен қорғалуға, заңмен тиім салынбаған басқа да әдістердің, сонымен бірге білікті заң көмегін оның ішінде ақысыз көмек алуға, әділ сот шешіміне қол жеткізуге, шеккен зиянының орнын толтыруға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері туралы болып отыр [3, 278-279 бб].

Заңды кепілдіктерді ол нормативтік және аспаптық деп жіктейді. Нормативтік кепілдіктер конституцияда, заңдар мен нормативті актілерде құқықтар мен бостандықтарды іске асыру мен қорғауға бағытталған тиісті ережелер, талаптар мен санкциялар түрлерінде көрініс тапқан. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына аспаптық кепілдіктерге келер болсақ, оған адамдар өз

құқықтарын қорғауды өтініп, жүгіне алатын және олар өз құзіреттіліктері шеңберінде тұлғаның құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау жөнінде нақтылы шаралар қолдануға міндетті мемлекеттік, кейде мемлекетаралық құрылымдар жатқызылады. Олар: сottар, прокуратура, адвокатура, тұлғаны қорғау үшін арнайы бекітілген лауазымды тұлғалар – омбудсмен [3, 167 б].

Адамның құқықтарына кепілдік беру жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясына сай билігінде мемлекеттік аппаратқа, азаматтық қоғамға ықпал етуші көптеген құралы бар Президент біріктіреді. Қазақстанның адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесі мынандай субъектілер жүйесін қамтиды:

Президент – Конституцияның, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының мыздықтарының кепілі. Ол посттоталитарлық мемлекет жағдайында адам құқықтарының басты кепілі. В.А. Малиновский Президенттің бұл қызметінің басқалары сияқты сан қырлы екендігі туралы жазды. «Мемлекет басшысы қарпі мен рухы үшін зан жүзінде, ал шындық өмірде – нақтылы Конституция үшін жауап береді» [4, 181б].

Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңіндегі Президенттің ролін анықтай келе, ол былай деп жазды: «Парламент демократияларының, есіресе дамушы елдердегі тәжірибесі саяси шешімдер тұжырымдау және қабылдаудың тұрақты жағдайларына заңшығаруыш органдар бейімдеу келеді деген жалпы тұжырымды растау үшін көптеген мысалдар береді. Конституцияны, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, ағымдағы заңдарды жаппай бұзушылық қаупі төнген дағдарысты кезеңдерде алға күшті, дара билеуші Президент шығады».

«Президенттің қызметі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдіктер беруі оның елдің ең жоғарғы лауазымдық тұлға ретіндегі жағдайларымен тікелей байланысты. Бұл сан қырлы қызметті іске асыруға жоғарғы, орталық және жергіліті биліктің заң шығаруышы, сот және атқарушы тармақтарына жататындықтарынан тәуелсіз барлық мемлекеттік органдар қатысады» [4, 227 б].

Қазақстан Республикасының Президенті елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жыл сайын Қазақстан халқына ауызша немесе жазбаша белгіленген жолдауларды жолдап отырады. Жолданылған жолдаулар мемлекеттік органдардың басқару аппарат механизмін құрайтын органдарына тиесілі жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын белгілеуге нормативтік-құқықтық актідегі көрсетілген баптарына сай өз қызметі аясында жүзеге асыруға құбылы. Елбасы мемлекеттің мемлекеттілігін нығайту мақсатында жаңа бағыттағы өркендетілген реформалардың бағдарламасын жасау және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, сарапшылардың, еліміздің азаматтарының берген ұсыныстарын қорытындылап, мемлекеттегі болашақ саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық бағыт-бағдарларды айқындастын нақты ұсыныстар мен өзгерістерді енгізуі қолға алады.

Бұл ұсыныстар өзгениң тәжірибесі мен абстрактты теориялары емес. Олар біздің қоғаммыздың қажеттіліктерін, Қазақстан шындығын ескерген. Бізде саяси реформалардың төл үлгісі, саяси өтпелі кезеңнің «қазақстандық жолы» қалыптасуда, және де оған дәлел ретінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын қалыптастыру.

Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сыйниан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы еліміздің дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретінің сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Президенті демократиялық реформалардың даму бағыттарына назар аударды, олардың ішінде Парламенттің өкілеттіліктерін көңейтү, саяси партиялардың ролін арттыру, сот-құқық жүйесін жетілдіру, алқа билер сотын енгізу, жергілікті өкілетті органдарды дамыту, «елдегі саяси жаңғырулардың біз көздейтін басты мақсаты – биліктің қоғам мен мемлекетті басқарудың барынша ұтымды жүйесін сомдайтын, сонымен бір мезгілде еліміздегі саяси тұрақтылықты сактау мен азаматтарымыздың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін демократиялық таңдау арқылы жүзеге асыру жолдарды салу

барысын іске асыруда. Ал біз азамат ретінде сол жолдарды дұрыс қалыптастыруға ынта жігерімізді аямастан, жұмыла жұмыс жасауымыз қажет.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Махмұт Қасымбеков, Тарихи таңдау // <http://www.soltustikkaz.kz> 30.11.2012
- [2] Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Алматы:Юрист, 2008. – 39 б.
- [3] Мордович А.С. Гарантии прав личности: понятие и классификация // Теория государства и права. Курс лекций под ред. Н.И.Матузова, А.В.Малько. М.: «Юристъ», 1997. – 671 с.
- [4] Малиновский В.А. Глава суверенного Казахстана. - Алматы, 1998. –238 с.

REFERENCES

- [1] Mahmyt Qasymbekov, Tarihi taңdau // http://www.soltustikkaz.kz 30.11.2012
- [2] Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Almaty:Jurist, 2008. – 39 b.
- [3] Mordovich A.S. Garantii praw lichnosti: ponjatie i klassifikacija // Teorija gosudarstva i prava. Kurs lekcij pod red. N.I.Matuzova, A.V.Mal'ko. M.: «Jurist'», 1997. – 671 s.
- [4] Malinovskij V.A. Glava suverennogo Kazahstana. - Almaty, 1998. –238 s.

ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ГАРАНТ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

А.Б. Сманова

Тірек сөздер: Президент, независимость, историческое развитие, государство, праздник.

Аннотация. С приобретением независимости Республика Казахстан четко обозначила для себя пути исторического развития. 1 декабря 1991 года Н.А. Назарбаев был избран Главой государства. В 2012 году в Казахстане этот день официально стал государственным праздником. Реформы, проводимые Президентом за годы независимости в сфере политico-экономических, социально-правовых, духовно-культурных сферах очевидны.